

**"Шиелі ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережені бекіту туралы"
Шиелі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 13 мамырдағы № 2/8 шешіміне өзгерістер
енгізу туралы**

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2024 жылғы 13 қарашадағы № 23/25 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 19 қарашада № 8568-11 болып тіркелді

Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Шиелі ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережені бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 13 мамырдағы № 2/8 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5514 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Шиелі ауданының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ереженің 7, 9, 10-тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Құрмет грамотасымен наградтау жөніндегі ұсынымдарды еңбек, шығармашылық ұжымдары, аудандық өкілді және атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер атынан олардың басшылары енгізеді және дұрыс енгізілген мәліметтер үшін жеке жауапкершілікте болады.";

"9. Құрмет грамотасымен наградтау бойынша келіп түскен құжаттар алдын ала қарау және наградтау жөнінде ұсыныс әзірленуі үшін наградтау жөніндегі аудан әкімі жанындағы комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) жіберіледі.

Комиссияның оң қорытындысына сәйкес аудан әкімі мен аудандық мәслихат төрағасының (немесе олардың міндеттерін атқарушының) бірлескен өкімін шығару арқылы Құрмет грамотасымен наградтау туралы шешім қабылданады.";

"10. Құрмет грамотасын тапсыру салтанатты түрде жүргізіледі. Құрмет грамотасын аудан әкімі немесе аудандық мәслихат төрағасы немесе олардың тапсырысы бойынша өзге тұлға тапсырады."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шиелі аудандық мәслихат төрағасы

М. Турабаев